

**"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу туралы куәліктің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар Министрінің 2012 жылғы 3 қазандағы № 354 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1124 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 ақпанда № 13080 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 18 мамырдағы № 431 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 18.05.2016 № 431 бұйрығымен.**

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 12) тармақшасына с ә й к е с

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу туралы куәліктің нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар Министрінің 2012 жылғы 3 қазандағы № 354 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8073 болып тіркелген, 2013 жылғы 9 қаңтарда № 9-13 (27952) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу туралы куәліктің нысаны көрсетілген бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А. Қ. Ержанов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға

оның көшірмелерін баспа және электронды түрде жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 3-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрі  
Ә. Исекешев

« К Е Л І С І Л Д І »  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі  
Е. Досаев

2016 жылғы 15 қаңтар

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2015 жылғы 30 қарашадағы

№ 1124 бұйрығына қосымша

«Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары

– Қазақстан Республикасы

және жаңа технологиялар

Индустрия  
министрінің

2012 жылғы 3 қазандағы

№ 354 бұйрығымен бекітілген»

Нысан

(аккредиттеу жөніндегі уәкілетті органның толық атауы)

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы

АККДИТТЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

№ \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

( кү н і )

Куәлік \_\_\_\_\_  
(ұйымның ұйымдастыру-құқықтық нысаны, толық атауы,  
бизнес-сәйкестендіру нөміріне)

мынадай қызметтерді көрсету құқығына берілді: \_\_\_\_\_

Заңды мекенжайы: \_\_\_\_\_

Куәлік Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

\_\_\_\_\_  
(уәкілетті тұлғаның лауазымы) \_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған  
жағдайда)